Сақтандыру агенттерінің жауапкершілігін сақтандыру: кәсіби қателіктерден қорғау

Сақтандыру агенттері туралы нелерді білу керек?

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында сақтандыру агенттерінің делдалдық қызметті жүзеге асыру тәртібі және оларға қойылатын талаптар белгіленген.

Атап айтқанда, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктері сақтандыру ұйымы жасайтын тапсырма келісімшартымен белгіленеді. Бұл ретте келісімшарт заңнаманың және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Сақтандыру агенті сақтандыру ұйымы өзіне берген өкілеттіктер шегінде әрекеттерді өзі дербес орындауға міндетті және өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап заңнамаға сақтандыру агенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды көздейтін өзгерістер енгізілген.



Осыған сәйкес, қаржы ұйымы болып табылатын сақтандыру агентін қоспағанда, сақтандыру агенті үшінші тұлғалар алдындағы өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың қолданыстағы келісімшарты болмаған жағдайда сақтандыру келісімшарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыруға

құқылы емес. Мұндай сақтандыру – сақтандыру агентінің кәсіби жауапкершілігіне байланысты тәуекелдерді қамтуға тиіс.

Бұл ретте агенттің жауапкершілігін сақтандыру келісімшарты агенттің делдалдық қызметті жүзеге асыруға арналған қолданыстағы тапсырма келісімшарты бар сақтандыру ұйымымен емес, керісінше басқа сақтандыру ұйымымен жасалуға тиіс.

«Виктория» СК» АҚ сақтандыру агенттерінің үшінші тұлғалардың алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру келісімшартын әзірледі. Осы келісімшарттың негізгі талаптарын қарастырайық.

Сақтандыру келісімшарты қандай тәуекелдерді қамтиды?

Сақтандыру келісімшарты сақтандыру агентінің кәсіби қызметі нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндеттемесі туындаған жағдайда сақтандыру агентінің мүліктік мүдделерін қорғауды көздейді.

Сақтандыру арқылы қорғау агенттің кәсіби қызметтерді көрсету кезінде жіберген қателіктері немесе жол берген олқылықтары салдарынан зиян келтірілген және кәсіби қателік пен келтірілген залал арасында тікелей себеп-салдарлық байланыс болған жағдайларға қолданылады.

Мысалы, сақтандыру агентінің дұрыс емес әрекеттері немесе жол берген олқылықтары салдарынан клиентке мүліктік залал келтірілуі мүмкін. Егер агенттің жауапкершілігі заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленсе немесе агент сақтандыру компаниясының жазбаша келісімімен өз кінәсін ерікті түрде мойындаса, мұндай жағдай сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін.

Бұл ретте оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану үшін келісімшарт талаптары сақталуға тиіс: зиян сақтандыру келісімшартының қолданылу кезеңінде және Қазақстан Республикасының аумағында келтірілуге, ал кәсіби қызмет заңнамада белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Сондай-ақ келісімшартта белгілі бір шектеулер көзделгенін ескеру маңызды. Атап айтқанда, сақтандырумен қорғау қасақана жасалған әрекеттерге, заңнама талаптарын бұзуға, қылмыстық құқық бұзушылықтарға, моральдық зиянға, айырылып қалған пайдаға, айыппұлдар мен әкімшілік жазаларға қолданылмайды. Бұдан басқа, белгіленген сақтандыру сомасы мен жауапкершілік лимиттерінен асатын залал да өтелмейді.

Сақтандыру агентінің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру қанша тұрады?

Осы келісімшарттың артықшылықтарының бірі – сақтандыру агентінің кәсіби тәуекелдерінің болжамды деңгейі мен қаржылық мүмкіндіктеріне қарай сақтандыру сомасын таңдауға мүмкіндік бар.

Сақтандыру құны таңдалған сақтандыру сомасына қарай айқындалады. Келісімшартта келесідей нұсқалар көзделген:

Сақтандыру сомасы – Сақтандыру құны
500 000 теңге - 5 000 теңге
1 000 000 теңге - 6 000 теңге
5 000 000 теңге - 7 500 теңге
10 000 000 теңге - 12 000 теңге

Осылайша, сақтандыру агенті 500 мың теңгеден 10 миллион теңгеге дейінгі сомаға сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ете алады, бұл ретте сақтандыру құны 5 000 теңгеден басталады.

Сақтандыру келісімшарты, әдетте, 12 ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімі бойынша келісімшартты 12 айдан аз мерзімге де жасауға болады.

Сақтандыру жағдайы басталған кезде не істеу қажет?

Егер сақтандыру агентінің кәсіби қызметі нәтижесінде клиентке зиян келтірілсе немесе залалды өтеу туралы талаптар қойылуына әкеп соғуы мүмкін жағдай туындаса, келісімшартта көзделген әрекеттерді уақтылы орындау маңызды болады.

Ең алдымен, мынадай шараларды қабылдау қажет:

1. **Залалды азайту шараларын қабылдау керек.** Залалдың одан әрі ұлғаюына жол бермеу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдау қажет.
2. **Сақтандыру компаниясына хабарлау керек.** Басталған оқиға туралы сақтандырушыға дереу, әрқндай жадайда да үш жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша хабарлау қажет.
3. **Қойылған талаптарды өз бетінше мойындамау керек.** Сақтандыру компаниясымен келіспей, залалды өтеу жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алуға, қойылған талаптарды мойындауға, зардап шеккен тарапқа өтемақы төлеуге уәде беруге немесе төлем жасауға болмайды.
4. **Қажетті құжаттарды дайындау керек.** Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы жазбаша өтінішті, сақтандыру шартын, қойылған талаптарды немесе талап қою арыздарын, оқиғаның мән-жайларын, себептерін және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру компаниясының сұратуы бойынша өзге де құжаттарды ұсыну қажет.
5. **Талаптарды реттеу процесіне сақтандырушының қатысуын қамтамасыз ету керек.** Қажет болған жағдайда сақтандыру компаниясына зардап шеккен тұлғаның талаптарын қарауға және агенттің мүдделерін білдіруге қатысу мүмкіндігін беру қажет.

Құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру компаниясы болған оқиғаның мән-жайларын қарайды, сақтандыру жағдайының бар-жоғын анықтайды және сақтандыру төлемінің мөлшерін белгілейді.

Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе оны жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім соңғы қажетті құжат ұсынылған және сақтандыру актісі бекітілген күннен бастап 30

жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады. Оң шешім қабылданған жағдайда сақтандыру төлемі 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Егер Сізде тағы да басқа сұрақтар болса, және сақтандыруды рәсімдегіңіз келсе, «Виктория» СК» АҚ-ға телефон шалыңыз. Біздің байланыс деректеріміз: +7 (727) 279-55-80, www.vic.kz. Сақтандыру нарығындағы жұмыс тәжірибеміз 33 жылдан астам.